

«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
КЕ АҚ



БЕКТЕМІН

Басқарма төрағасы-ректор,

профессор

М. Төлеген

(басқарма отырысының хаттамасы

№ 11-от. 14.06.2022 ж.)

ЕРЕЖЕ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТ
ТУРАЛЫ

Е ШҚУ 013-22

Бірінші басылым

№ _____

Енгізу күні _____

Өскемен қаласы
2022 ж.

2022 жылғы 14 маусым №06

	«Сәрсен Аманжолов университеті» ЖЕ АҚ	атындағы	Шығыс Қазақстан	Келісі тіркесу күні 2025 ж.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясат туралы	карыс	іс-қимыл	Е ШКУ 013-22	2 бет 15 беттің

Содержание

1 Жалпы ережелер.....	3
2 Нормативтік сілтемелер.....	3
3 Белгілер мен қысқартулар.....	3
4 Негізгі ұғымдар.....	4
5 Мақсат, міндеттер, принциптер	5
6 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын іске асыруға жауапты ұйымның лауазымды тұлғалары және атқалы органдар.....	7
7 Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға байланысты міндеттері.....	8
8 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар	8
9 Қызметкерлердің мінез-құлық стандарттарын енгізу.....	8
10 Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу.....	9
11 Іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлық белгілерімен алмасу.....	9
12 Контрагенттермен өзара іс-қимыл кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.....	9
13 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау.....	10
14 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы атару.....	10
15 Жауапкершілік	11
16 Өзгерістер	11
17 Келісу, сақтау және тарату.....	12

	«Сәрсен Аманжолов университеті» ЖЕ АҚ	атындағы	Шығыс Қазақстан	Келісі тіркесу күні 2025 ж.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясат туралы	карыс	іс-қимыл	Е ШКУ 013-22	3 бет 15 беттің

1 Жалпы ережелер

1.1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясат туралы» ереже (бұдан әрі - Ереже) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» ЖЕ АҚ (бұдан әрі - Университет) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты қамтамасыз етудің бірінші тәсілін қалыптастыруға бағытталған. Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің мақсаттарын, міндеттерін, қатипаттарын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу процесіне қатысушылардың функцияларын, өкілеттіктерін және жауапкершілігін айқындайды.

1.2 Университет қызметкерлерінен (Университеттегі атқаратын лауазымына қарамастан), білім алушылардан Университет этикасының қатипаттарында, тәсілдерінде және осы Ереженің талаптарында белгіленген этикалық қатипаттармен келісім күтеді.

1.3 Ереже Университеттің барлық қызметкерлер, білім алушылар танысу және оның нормаларын сақтау үшін міндетті түрде Университеттің ресми сайтында орналастырылуы тиіс.

2 Нормативтік сілтемелер

Саясат келесі нормативтік құжаттарды ескере отырып әзірленді: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашаданғы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы; «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы, «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» ЖЕ АҚ Жарғысы; 2020 жылғы 27 ақпанданғы Әлеп ережелері; 2020 жылғы 31 желтоқсандағы Академиялық адалдық ережелері, 2019 жылғы 28 мамырдағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт.

3 Белгілер мен қысқартулар

СҚЖ - Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі;

СҚЖБӨ - Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

ШКУ ҚР - Университеттің құжатталған рәсімі;

ХЫСЖАБ - Халықаралық ынтымақтастық стратегиясы және аккредиттеу бөлімі;

КЖЕЖБ - Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;

ПЖКБ - Персонал және құқықтық қолдау басқармасы;

ҚББ - Құрылымдық бөлімшенің басшысы;

Е ШКУ - Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ережесі.

	«Сәрсен Аманжолов университеті» ҚЕ АҚ	атындағы	Шығыс Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясат туралы	каресы іс-қимыл	Е ШКУ 013-22	4 бет 15 беттің

4 Негізгі ұғымдар

Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

4.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты - ұйым қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған өзара байланысты қағидағтар, рәсімдер мен нақты іс-шаралар кешенін айқындайтын, белгіленген тәртіппен бекітілген құжат;

4.2 Мүдделер қақтығысы - қызметкердің жеке мүдделілігі (тікелей немесе жанама) оның лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін және қызметкердің жеке мүдделілігі мен ұйымның заңды мүдделері арасында осы ұйымның заңды мүдделеріне, іскерлік беделіне зиян келтіруге қабылетті қайшылық туындайтын немесе туындауы мүмкін жағдай;

4.3 Контрагент - еңбек қатынастарын қоспағанда, ұйым шарттық қатынастарға түсетін кез келген қазақстандық немесе шетелдік заңды немесе жеке тұлға;

4.4 Сыбайлас жемқорлық - қызмет бабын теріс пайдалану, пара беру, пара алу, өкілеттігін теріс пайдалану, коммерциялық параға сатып алу не жеке тұлғаның өзінің лауазымдық жағдайын қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделеріне қайшы келіп, ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік құқықтар түрінде пайда алу мақсатында өзге де заңсыз пайдалануы не басқа жеке тұлғалардың көрсетілген аламаға мұндай пайданы заңсыз беруі;

4.5 Жеке мүдделілік - қызметкердің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе көрсетілетін қызметтер, жеңілдіктер түрінде табыс алу мүмкіндігіне байланысты қызметкердің мүдделілігі;

4.6 Ресми сайт - құқықтары ұйымға тиесілі домендік атауды қамтитын, электрондық мекенжайы, ұйымның қызметі туралы ақпаратты қамтитын «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ұйымның сайты;

4.7 Қоғам - «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

4.8 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары - орындауы көзделіп отырған іс-шаралардың тізбесін, олардың дәйектілігін, іске асырылу мерзімдерін, жауапты орындаушылар мен күтілетін нәтижелерді белгілейтін, ұйым басшысы жыл сайын бекітетін құжат;

4.9 Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуді, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың себептерін анықтауды және кейіннен жоюды қамтамасыз ететін, Университеттің ішкі нормативтік актілерімен регламенттелген корпоративтік мәдениет, Ұйымдық құрылым элементтерін, қағидалар мен рәсімдерді енгізуге бағытталған Университет қызметі;



«Сәрсен Аманжолов университеті» ҚЕ АҚ	атындағы	Шығыс Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясат туралы	каресы іс-қимыл	Е ШКУ 013-22	5 бет 15 беттің

4.10 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - Университеттің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі қызметі;

4.11 Қызметкер - Университетпен еңбек қатынастарына түскен жеке тұлға;

4.12 Ұйым басшысы - ҚР Еңбек кодексіне, ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Университеттің құрылтай құжаттарына және ішкі нормативтік актілерге сәйкес Университетті басқаруды жүзеге асыратын жеке тұлға.

5. Мақсаттары, міндеттері, қағидағтары

5.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының (бұдан әрі - Саясат) мақсаты - Университетте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты қамтамасыз етудің бірыңғай тәсілін қалыптастыру болып табылады.

5.2 Саясаттың міндеттері:

- 1) университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидалары мен ережелер белгілеу;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған тиімді тетіктер, рәсімдер құру, білім алушыларды, қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа тарту тәуекелдерін барынша азайту;
- 3) этикалық мінез-құлық мәдениетін және сыбайлас жемқорлық бағытындағы барлық көріністерге төзбеушілікті қалыптастыру;
- 4) Университет қызметінің барлық деңгейлерінде стратегиялық және желел басқаруға сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидағтарды біріктіру;
- 5) Университет қызметкерлері, білім алушылары, контрагенттері мен басқа да тұлғаларда осы Саясаттың қағидалары туралы бірыңғай түсінік қалыптастыру.

5.3 Саясат келесі негізгі принциптерге негізделеді:

1) Саясаттың қолданыстағы заңнамаға және жалпыға бірдей қабылданған құқық нормаларына сәйкестігі қағидалы. Іске асырылып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың ҚР Конституциясына, ҚР Бекіткен халықаралық шарттарға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға және Университетке қолданылатын өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі.

2) Тартылу принципі. Университет білім алушыларды, жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы занамаасының ережелері туралы хабарлайды және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдайды.

	«Сәрсен Аманжолов университеті» ҚЕ АҚ	Шығыс Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясат туралы	Е ШКУ 013-22	6 бет 15 бетін

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің мөлшерлестігі қағидаты. Университет қызметкерлерін, білім алушыларды сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту ықтималдығын азайтуға мүмкіндік беретін іс-шаралар кешенін әзірлеу және орындау ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ескере отырып жүзеге асырылады.

4) Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидаты. Университет өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысанда және көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады.

5) Жоғары басшылықтың міндеттілігі қағидаты және "жоғарыдан ниет" орнату. Университеттің Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін құруда негізгі рөл атқарады. Университеттің Директорлар кеңесі мен басқармасының мүшелері сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандарына және барлық деңгейлерде ымырасыз қарым-қатынас туралы мәлімдеуі, осы қағидатты жеке үлгіде көрсетуі, сақтауы және іске асыруы тиіс.

6) Жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы қағидаты. Университет өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан, Университет қызметкерлерін жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі қағидаты. Университет рәсімдерді барынша ашық, айқын, орындалатын етуге тырысады, бұл оларды іске асырудың қарапайымдылығын және маңызды нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Университет қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді.

8) Тиісті сақтық қағидаты. Университет іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мүдделер қактығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады.

9) Мониторинг және бақылау қағидаты. Университет сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйіне мониторинг жүргізеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдердің сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды.

10) Өзара іс-қимыл және үйлестіру қағидаты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде Университет мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді.

	«Сәрсен Аманжолов университеті» ҚЕ АҚ	Шығыс Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясат туралы	Е ШКУ 013-22	7 бет 15 бетін

6. Саясатты іске асыруға жауапты ұйымның лауазымды тұлғалары және алқалы органдар

6.1. Директорлар кеңесі белгіленген міндеттерді, қызмет ерекшелігін, штаттық санын, Университеттің ұйымдық құрылымын негізге ала отырып, өз өкілеттігі шегінде Саясатты іске асыруға жауапты адамды немесе бірнеше адамды тағайындайды.

6.2. Басқарма төрағасы - ректор Университеттегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған барлық іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты болып табылады.

6.3. Саясатты іске асыруға жауапты тұлғалардың негізгі міндеттері:

1) Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясатын, Қоғамның академиялық қызметінің білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес келмеуінің алдын алудың ішкі тетігін әзірлейді;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

3) корпоративтік этикалық құндылықтарды насихаттайды, білім беру процесінің нормативтік құжаттамаға сәйкестігі мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

4) Қоғамның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ Этика ережелерін сақтаудың бақылауды қамтамасыз етеді;

5) құрылымдық бөлімшелердің Қоғам қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарын орындауына мониторинг жүргізеді;

6) университет қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмысты үйлестіреді;

7) мүдделер қактығысын, оның ішінде жұмысқа орналастыру мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

8) сыйлықтар мен қоғамдағы өкілдік шығыстар мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдау;

9) қажет болған жағдайда қаржылық мәмілелер кезінде контрагенттерді тексеруді жүзеге асыру;

10) университеттегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;

11) қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігін бағалау;

12) басқарма төрағасы - ректорға анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Қоғам қызметін ұйымдастырудың ішкі процесінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізу.

	«Сәрсен Аманжолов университеті» ҚЕ АҚ	Шығыс Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Е ШКУ 013-22	8 бет 15 беттің

6.4. Тәртіптік-сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңес – еңбек тәртібін нығайту, ұжымдағы моральдық-этикалық нормаларды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың, Этика қағидаларының және университеттің басқа да ішкі нормативтік актілерінің нормаларын сақтау мәселелерін қарайтын консультативтік-кеңесші орган.

6.5. Тәртіптік-сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңестің мақсаты, өкілеттіліктері, құрылу және жұмыс тәртібі тиісті ережеде айқындалған.

7 Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға байланысты міндеттері

Университет қызметкерлері өздерінің еңбек міндеттерін орындауға байланысты лауазымы мен жұмыс өтіліне қарамастан, міндетті:

7.1 Осы Ереженің нормаларын басшылыққа алу және оның қағидалары мен талаптарын мұлтіксіз сақтауға;

7.2 Университет мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оған қатысудан аулақ болуға;

7.3 Университет мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға дайын деп айналдырылғандар түсінуі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға;

7.4 Қызметкерлі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы комплаенс-офицерді және (немесе) Университет басшысын дереу хабардар етуге міндетті;

7.5 Басқа қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайлары бойынша комплаенс-офицерді және (немесе) Университет басшысын дереу хабардар етуге міндетті;

7.6 Комплаенс-офицерге тараптардың бірі қызметкер болып табылатын мүдделер қақтығысының туындауы немесе туындауы мүмкін екендігі туралы хабарлауға міндетті.

8 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар

Ұымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жыл сайын белгіленген тәртіппен бекітілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарына сәйкес жүргізіледі.

9 Қызметкерлердің мінез-құлық стандарттарын енгізу

9.1 Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын енгізу мақсатында Университетте іскерлік қатынастар этикасын қозғайтын, қызметкерлердің және жалпы Университеттің этикалық,

	«Сәрсен Аманжолов университеті» ҚЕ АҚ	Шығыс Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Е ШКУ 013-22	9 бет 15 беттің

адал мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған қызметкерлердің мінез-құлықның жалпы ережелері мен қағидалары белгіленеді.

9.2 Мінез-құлықтың жалпы ережелері мен принциптері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта, Этика ережелерінде бекітілген.

10 Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу

10.1 Университет мүдделерінің және білім алушылардың, қызметкерлердің жеке мүдделерінің теңгерімін барынша сақтау, алушылар, қызметкерлер және Университет арасындағы өзара қарым-қатынастардың тұрақтылығы шарттарының бірі болып табылады.

10.2 Университет мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясатты әзірлейді, қабылдайды және іске асыруды қамтамасыз етеді.

11 Іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық белгілерімен алмасу

11.1 Ұйым корпоративті мәдениетті қолдауға ниетті, онда іскерлік сыйлықтар, корпоративті қонақжайлылық, өкілдік іс-шаралар тек іскерлік қатынастарды орнату, қолдау құралы ретінде және Университет қызметінде жалпы қабылданған сыпайылықтың көрінісі ретінде қарастырылады.

11.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларының бұзылуын болдырмау, іскерлік сыйлықтардың ролі мен орнын, корпоративтік қонақжайлылықты, іскерлік тәжірибедегі өкілдік іс-шараларды біркелкі түсінуі қамтамасыз ету мақсатында Университетте іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық белгілерімен алмасу ережелері қолданылады.

12 Контрагенттермен өзара іс-қимыл кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Контрагенттермен өзара іс-қимыл кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

12.1 Іскерлік (шаруашылық) қатынастарды адал негізде жүргізетін, өз белгіліне қамқорлық жасайтын, шаруашылық қызметті жүргізу кезінде жоғары этикалық стандарттарға қолдау көрсететін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өз шараларын іске асыратын контрагенттермен іскерлік (шаруашылық) қатынастарды орнату және сақтау;

12.2 Қажет болған жағдайда контрагенттермен қарым-қатынас барысында Университетті сыбайлас жемқорлық және басқа да жосықсыз іс-әрекеттерге тарту тәуекелін төмендету мақсатында контрагенттерді тексерудің арнайы рәсімдерін енгізу (әлеуетті контрагенттер туралы ашық қолжетімділіктегі мәліметтерді: олардың іскерлік ортадағы беделін,

	«Сәрсен Аманжолов университеті» ҚЕ АҚ	Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясат туралы	Е ШҚУ 013-22	10 бет 15 беттің

нарықтағы қызметінің ұзақтығын, сыбайлас жемқорлық жанжалдарына қатысуды жинау, талдау және т.б.).

12.3 Университет қабылдайтын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар туралы ақпаратты ресми сайтқа орналастыру.

13 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

13.1 Университеттегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың мақсаттары:

- 1) іске асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының Университет қызметінің ерекшелігіне сәйкестігін қамтамасыз ету;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты жүргізуге бағытталатын ресурстарды ұтымды пайдалану;
- 3) Университет қызметіндегі қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау ықтималдығы жоғары нақты процестер мен шаруашылық операцияларды анықтау.

13.2 Университеттегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 2021 жылғы 7 сәуірде әзірлеген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес 18 айда бір рет жүзеге асырылады.

14 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту ісі

14.1 Университетте қызметкерлер мен білім алушылардың құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат және сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңес беру арқылы жоспарлы негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту жүзеге асырылады.

14.2 Білім алушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздері» атты оқу пән арқылы жүзеге асырылады. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімі олардың біліктілігін арттыру есебінен жүзеге асырылады.

14.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат бұқаралық ақпарат құралдары, сыртқы жарнама және тыйым салынбаған өзге де заң құралдары арқылы жүзеге асырылады.

14.4 Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңес беруді осы Саясатты іске асыруға жауапты тұлғалар жеке тәртіппен жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың және мүдделер қақтығысын реттеудің жеке мәселелері бойынша кеңес беру құпия тәртіппен жүргізіледі.

	«Сәрсен Аманжолов университеті» ҚЕ АҚ	Қазақстан	Келесі тексеру күні 2025 ж.
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясат туралы	Е ШҚУ 013-22	11 бет 15 беттің

15 Жауапкершілік

Қызметкерлер мен білім алушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын сақтауы тиіс. Қызметкерлер атқаратын лауазымына қарамастан, осы Ереженің талаптарын сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

16 Өзгерістер

16.1 Е ШҚУ өзгерістер мен толықтырулар енгізу СІКЖБӨ рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама түрінде оның қолы қойылып, құжат жүзінде ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы Е орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған көшірмелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ ҚР 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген лауазымдық нұсқаулыққа өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды әзірлеуші бөлімше ғана жүргізеді. Е ШҚУ өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып, ҚББ енгізеді.

16.2 Түпнұсқаға және есепке алынған көшірмелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ХЫСЖАБ бастығы және ҚББ жауапты болады;

16.3 Е ШҚУ тексеру кезеңінің есепке алу парағындағы жазбаны міндетті түрде енгізе отырып, үш жылда бір реттен сиретпей қайта қаралады;

16.4 Е ШҚУ өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады:


- нормативтік құқықтық актілерге заң күші бар жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- Баскарма төрағасының-ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
- түзетулерге рұқсат бере отырып, өзгерістер енгізу себептері көрсетілген ҚББ қызметтік жазбасы;

16.5 Лауазымын немесе бөлімшесінің атауы өзгерген жағдайда Е ШҚУ ауыстырылуы тиіс;

16.6 Ауыстырылған жағдайда университеттегі күші жойылған барлық Е ланалары алынып, жаңасына ауыстырылуы тиіс;

16.7 Ескірген лауазымдық нұсқаулық ауыстыру және алу үшін ҚББ және ХЫСЖАБ жетекшісі жауап береді;

16.8 Күші жойылған Е күшін жою үшін негіздемесін, күшін, «Күшін жойды» деген жазуды жасаған адамның қолын көрсете отырып, «Күшін жойды» деген жазумен белгілейді және мұрағатқа орналастырады. Мұрағаттық құжаттар жұмыс үшін пайдаланылмайды.



ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

17.2 ЕҚББ әзірлейді. Е-мен келісіледі:

- заңгер кеңесшісі.

17.5 ЕШҚУ есептік көшірмелерін таратуды ҚҚЖББ жүзеге асырады.

ӘЗІРЛЕДІ:

Г.Т. Байркенова

Сапаны ішкі камтамасыз сту жүйесі

Стратегия, халықаралық ынтымақтастық
және аккредиттеу бөлімінің жетекшісінің м.а. Е.Ф. Курманов

Персонал және құқықтық қолдау
басқармасының жетекшісі



К.Р. Раисова

Зангер-кенеші
Д.М. Раева